

Әпенев С.М.

**Жанашырлық ниетпен
жасалған кісі өлтірушілік үшін
жауаптылықтың мәселелері**

Мақалада жанашырлық ниетпен кісі өлтірушілік үшін қылмыстық жауаптылыққа қатысты мәселе қарастырылған. Эвтаназия мәселесінде криминализациялау немесе декриминализациялау теориялық тұрғыдан даулы және халықаралық тәжірибеде бір келкі шешілмеген болып саналады. Автор бұл мәселеге тоқталмай, эвтаназияға қатысты қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңының 53 және 99 баптарының араларындағы қайшылықты жоюды мақсат етіп және қылмысты деп тани отырып, жеке адамдарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауында жауаптылықты жеңілдететін құрам ретінде бағалауды ұсынады. Мұндай шешімге келудің негізділігі, ол эвтаназия жағдайының, уақытының, мақсатының, ниетінің жауаптылықты жеңілдететін және кей белгілері бойынша іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын жағдайларға сәйкес келуіне байланысты.

Түйін сөздер: қылмыстық заң, жанашырлық, эвтаназия, қылмыстық жауаптылық, жай кісі өлтіру, жеңілдететін жағдай, іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын жағдайлар.

Apenov S.M.

**Questions of responsibility for
the murder committed for motive
of compassion**

This article examined the question of responsibility for the murder committed on grounds of compassion. In international practice, the problem of euthanasia such as the criminalization and decriminalization, from theoretical point of view considered discussion and continuing. The author is not stopping in this issue, in order to eliminate contradiction between the existing articles 53 and 99 of the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan and recognizing an euthanasia as criminal action, suggests to allocate separate structure of a criminal offense in the form of an act in the head criminal offenses against the person. Justification of such decision are that circumstances, time, the purpose and motive of making of similar act in case of murder for motive of compassion correspond to the circumstances mitigating criminal liability on some signs of a circumstance excluding crime of act.

Key words: criminal law, compassion, euthanasia, criminal liability, simple murder, attenuating circumstances, circumstances excluding crime of act.

Апенев С.М.

**Вопросы ответственности
за убийство, совершенное
по мотиву сострадания**

В статье рассмотрены вопросы ответственности за убийство, совершенное по мотиву сострадания. В проблеме эвтаназии вопросы криминализации и декриминализации считаются теоретически дискуссионными и в международной практике однозначно не решенными. Автор, не останавливаясь на этом вопросе и считая целесообразным устранение противоречия между статьями 53 и 99 Уголовного кодекса Республики Казахстан, а также признавая эвтаназию преступным деянием, предлагает выделить отдельный состав уголовного правонарушения в виде уголовного проступка в главе Уголовные правонарушения против личности. Обоснованность такого решения заключается в том, что обстоятельства, время, цель и мотив совершения деяния при убийстве по мотиву сострадания соответствуют обстоятельствам, смягчающим уголовную ответственность, а по некоторым признакам обстоятельствам, исключающим преступность деяния.

Ключевые слова: уголовный закон, сострадание, эвтаназия, уголовная ответственность, простое убийство, смягчающие обстоятельства, обстоятельства, исключающие преступность деяния.

**ЖАНАШЫРЛЫҚ
НИЕТПЕН ЖАСАЛҒАН
КІСІ ӨЛТІРУШІЛІК
ҮШІН
ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Отандық және шет елдердің қылмыстық құқықтарының теориясында криминализациялау немесе декриминализациялау немесе жауаптылықты жеңілдетіп қолдану туралы біркелкі шешімін таппаған мәселелердің бірі, жанашырлық ниетпен жасалған кісі өлтірушілік (эвтаназия) болып табылады. Демек, жанашырлық ниетпен кісі өлтіру мәселесінде қылмыс ретінде бағалау немесе заң жүзінде оны ақтау, жауаптылықтың көлемі туралы зерттеушілердің араларында даулылық байқалады.

Қазақстан Республикасының 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодексінің қылмыстық жауаптылықпен жазаны жеңілдететін жағдайларды анықтауға арналған 53 бабының 7 пункті жанашырлық қылмыстық құқық бұзшылықты жасауды жауаптылықты жеңілдететін жағдай ретінде бағалаған. Қазіргі қылмыстық заңның жағдайы бойынша мұндай жағдайда адамды өмірінен айыру әрекеті жеке адамға қарсы қылмыс ретінде, оның ішінде ҚК 99 бабының 1 бөлімімен жай кісі өлтіру ретінде квалификациялануы, яғни емделмейтін және қиналу үстіндегі ауру адамның тез, қиналмай қайтыс болуына дәрігердің көмектесуі, әдеттегі кісі өлтірушімен бірдей бағалануы керек. Жанашырлықпен кісі өлтірушілік үшін жауаптылық мәселесіне тоқталмай тұрып, жанашырлықтың (эвтаназияның) түрлеріне және олардың сипаттамасына қысқаша тоқтала кеткен жөн.

Медицинада және қылмыстық құқық теориясында эвтаназияның белсенді және пассивті түрлерін келтіреді. Пассивті эвтаназияда ауру адамның өмірін жалғастыруға мүмкіндік беріп отырған медициналық көмек тоқтатылады, сәйкесінше табиғи өлімнің туындау уақыты тездетіледі.

Белсенді эвтаназия төмендегідей нысандарда орын алады:

1. Жанашырлықпен өлтіру, яғни ауру адамның туыстары немесе дәрігер жазылып кетуіне үміт жоқ пациенттің жан төзгісіз қиналу үстінде екендігін көріп, ауру адамға ауруды басатын дәріні шамадан тыс дозада қолданады. Нәтижесінде ем қонбайтын ауру адам тез және қиналмай қайтыс болады. Мұндай белсенді эвтаназия кезінде пациенттің келісімі қажет болып саналмайды, себебі ол өз қалауын білдіре алатындай жағдайда бола бермейді.

2. Дәрігердің көмектесуімен өзін-өзі өлтіру, яғни дәрігер пациенттің келісімі негізінде оған өзін-өзі өлтіруге көмектеседі.

3. Тегінде белсенді эвтаназия, яғни дәрігер тез қайтыс болуына тікелей көмектеспегенмен, пациент тез және қиналмай өлуге мүмкіндік беретін құрылғыны өзі қосып, қайтыс болады [1, 33 б.].

Эвтаназия осындай нысандарда кездесе алады дегенмен, бұл мәселе туралы сөз қозғалғанда, негізінен емделмейтін және жан төзгісіз қиналу үстіндегі адамға дәрі қолдану арқылы тез қайтыс болуға мүмкіндік беретін белсенді эвтаназия ескеріледі.

Қазіргі күнде әлемнің бірқатар елдерінде жанашырлықпен кісі өлтірудің тек пассивті нысаны ғана жауаптылыққа соқтырмайтын іс-әрекет ретінде бағаланады. Олардың қатарына АҚШ (Оригон штаты), Бельгия, Нидерланд, Швеция, Швейцария, Финляндия, Қытай, Австралия елдері жатады [2, 67 б.].

Қазақстанда және бұрынғы посткеңестік елдерде эвтаназияны қылмысты әрекеттер қатарынан шығару немесе оны қылмысты деп тану туралы қарама-қарсы пікірлер кездескенмен, қазіргі қылмыстық заң бойынша жоғарыда айтып кеткеніміздей, жай кісі өлтіру ретінде бағаланады. Бұл мақалада біз жанашырлық ниетпен кісі өлтіруді криминализациялау немесе декриминализациялау туралы мәселеге тоқталмаймыз. Мақаланың мақсаты жанашырлықпен кісі өлтіруді қылмысты іс-әрекет деп танығанның өзінде, оның квалификациясына қатысты мәселе болып табылады.

Әдетте, Қазақстан Республикасының және ТМД елдерінің қылмыстық заңдары бойынша жай кісі өлтіру ретінде, яғни ҚР ҚК 99 бабының 1 бөлімі бойынша осы баптың 2 бөліміндегі жауаптылықты ауырлататын немесе жеңілдететін белгілері жоқ, сонымен қатар ҚК Ерекше бөлімінің өзге де тарауларындағы қасақана кісі өлтіруге сәйкес келмейтін кісі өлтірушіліктер саналады. Мұндай жай кісі өлтірушілікке, әдетте ниеті бойынша қызғаныштың, көралмаушылықтың, кек қайтарудың (қанды кектен басқа) салдарынан жасалған, ал жағдайы бойынша өзара ерегіс, өзара төбелес, қайтыс болған адамның өзі осы қылмыстың болуына түрткі болған, тұрмыстық жанжал жағдайларында жасалғандары жатады. Сондықтан ҚК 99 бабының 1 бөлімі нормалардың бәсекелестігі бойынша жалпы норма болып бағаланады.

Жай кісі өлтіру қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша ауыр және аса ауыр қылмыстардың қатарына жатады, себебі аталған баптың санк-

циясы 8 жылдан 15 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасын қарастырған. Жоғарыда келтірілген жай кісі өлтіру ретінде квалификацияланатын жағдайларды және ол үшін белгіленетін жазаның көлемін ескерсек, онда жанашырлық жағдайда кісі өлтірудің қауіптілік дәрежесіне мұндай санция мөлшері көрінеу артық болып көрінеді. Мұндай жағдайлар практикада орын алғанда соттар ҚР ҚК 53 баптың 1 бөлімі 1) пунктін және 55 баптың ережелерін ескере отырып жазаны қылмыстық құқық бұзушылық үшін Ерекше бөлімнің бабында көрсетілген мөлшерден де аз тағайындай алады. Бірақ мұндай жағдайда соттар ҚК 99 бабының 1 бөлімінде бас бостандығынан айыру жазасынан басқа жаза түрі келтірілмеуіне байланысты өзге жеңіл жазалардың түрін қолдана аламайды. Тек ҚК 63 бапты қолдана отырып, бас бостандығынан айыруға шартты соттауды қолдануға мүмкіндігі бар.

Қылмыстық заңның осындай көкейге қона бермейтін қатал ережесінен болар, кей зерттеушілер эвтаназияға немесе жанашырлықпен кісі өлтіруге арналған жауаптылықты жеңілдететін арнайы бапты қылмыстық кодексте қарастыруды ұсынған. Мысалы С.В. Бородин «Ресей қылмыстық құқығын реформалау кезінде осы мәселеге қайта оралуға тура келді. Заңгер ғалымдардың арасында Қылмыстық кодексте тиісті жауаптылықты жеңілдететін құрамды енгізуді жақтаушылар пайда болды» дейді [3, 34 б.]; [4, 86-87 бб.]. Мұндай бағытты жақтаушылардың бірі Ю.А. Дмитриев және Е.В. Шленева эвтаназия Конституциядағы «әрбір адамның өмір сүруге құқығы бар» деген ережеге сүйеніп эвтаназияны қолдануға қарсылық білдірушілерге қарсы жауап ретінде «Егер Конституция әр адамның өмір сүруге құқығы бар екендігін белгілесе, онда осы арқылы өлімге құқығы бар екендігін де белгілейді, яғни өз өміріне өз еркімен, өз қалауымен билік етуге құқығы бар, керісінше болған жағдайда өмір сүруге міндетті болуға айналады» дейді [5, 52 б.]. Сондай-ақ Н.Е. Крылова «Ресей Федерациясының 20 бабында келтірілген «өмір сүруге құқық» қандай да бір айырмашылықтарына қарамай, әр адамның ажырамас субъективтік құқығы ретінде белгіленген, бірақ бұған өлімге құқығы бар екендігі жатпайды» деген мазмұнда жауап келтірген [6, 187 б.]. Біз заң шығармашылық қызметте осы бағытта бұл мәселені шешуді құп көреміз. Мұндай бағыттағы шешімге келу үшін және осы мәселеге қатысты даулылыққа сенімді пікір келтіру үшін оның ғылыми негізділігін қамтамасыз ету қажет.

ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 1 тарауы жауаптылықты жеңілдететін арнайы қылмыс түрлерін 100-103 және 111-113 баптарда келтіреді. Оларға анасының жаңа туған баласын өлтіруі, аффект жағдайында кісі өлтіру және денсаулыққа зардап келтіру, қажетті қорғану жағдайында кісі өлтіру және денсаулыққа зардап келтіру, қылмыс жасаған адамды ұстау шаралары шегінен шығу кезінде кісі өлтіру және денсаулыққа зардап келтіру жатады. Бұл адамның өмірі мен денсаулығына зардап келтірумен байланысты қылмыстардың жауаптылықты жеңілдететін түрлерге жатуының себебі, біріншіден, басқа адамның немесе жағдайдың осы адамды қылмысты әрекетке баруына себепші болуы (мысалы, қажетті қорғануда адамның өміріне, денсаулығына, жеке бостандығына, жыныстық бостандығына, меншігіне қарсы бағытталған шабуылдың болуы, аффект кезінде жәбірленушінің басқа адамды өзіне қарсы қатты ашуға алып келген қорлау, зорлық-зомбылық әрекеттерінің болуы), екіншіден, кінәлі адамда қылмысты әрекет жасау туралы алдын ала зұлым ой-ниеттің болмауы жатады, үшіншіден, адамның қылмысты әрекетке баруы кейінге қалдырылмай, заңда келтірілген уақытта және жағдайда жасалуы жатады. Мысалы қажетті қорғану, ашу шегінен шығу, баланы босану, қылмыскерді ұстау, емделмейтін адамның қатты қиналу уақыты мен жағдайы. Осы белгілерге қарай отырып эвтаназияның іс-әрекеттің қылмыстылығын жоюын жағдайлармен ұқсастығын байқауға болады. Тек, іс-әрекеттің қылмыстылығын болдыртпайтын жағдайларда (аффектіден басқа түрлерінде) құқыққа сай және шегінен шығуды білдіретін құқыққа қайшы жағдайлары болады және соған қарай қылмыстық жауаптылық қолданылатын және қолданылмайтын шарттары болады. Ал «эвтаназияны қандай да бір жағдайда болмасын ақтауға болмайды» деген ұстаным үстемдік құратын болса, онда аффект жағдайында кісі өлтіру сияқты жанашырлықпен кісі өлтіру де барлық жағдайда қылмысты болып қала береді. Эвтаназия мәселесі осындай түрде, тәртіпте құқықтық реттелетін болса, онда әрине дәрігерлер ешқашанда науқас адамға жаны аши отырып эвтаназияны қолдануға бармайды, себебі жаны қиналып жатырған, емделмейтін ауру адамға жаны ашып қиналдырмай, тез қайтыс болатын әрекетке барса, онда өзі қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын біледі. Дәрігерлердің мұндай жағдайын ескере отырып айтқанда эвтаназияны толық ақтау қажет деген бағыт пайда болады. Бірақ қазіргі қылмыстық заң Жалпы бө-

лімде жауаптылықты жеңілдететін жағдай ретінде бағалағанмен, Ерекше бөлімде ауыр және аса ауыр қылмыстардың қатарында бағалап отырған жағдайда, бірден қылмыс қатарынан шығаратын шешімді ұсыну қиын. Осылай дегенменде, қазіргі кезде жай кісі өлтіру ретінде бағалануға жататын эвтаназия практикада бар және ара-тұра кездесетін әрекет болса, онда қылмыстық заңда арнайы бап қарастыра отырып жауаптылықты жеңілдететін құрам ретінде бағалауға мүмкіндік және негіз бар. Осы бағытты ұстанушылар пассивті эвтаназияны қылмыстық құқықтық тұрғыдан ақтап және эвтаназия туралы арнайы заң қабылдап, ондағы эвтаназияны қолданудың ережелерін бұзғаны, соның ішінде өзін өлтіруге келісуге азғырғандығы үшін қылмыстық жауаптылықты арнайы қарастыруды ұсынады [7, 135 б.]. Эвтаназия мәселесін зерттеушілердің араларында пассивті эвтаназияны жай кісі өлтіру, ал белсенді эвтаназияны жауаптылықты ауырлататын кісі өлтіру ретінде бағалау туралы ұсыныс кездеседі [8, 208 б.]. Мұндай ұсыныспен келісу қиын, себебі эвтаназия мәселесінде дәрігердің немесе жай адамның ауру адамның өмірін қиюға баруының себебі, салдары, уақыты, ниеті мен мақсаты бірдей болып табылады. Сондықтан белсенділік дәрежесі бойынша эвтаназияны белсенді және пассивті деп бөлгенмен, қылмыстық жауаптылық мәселесінде ажыратып қажеті жоқ.

Бір ескере кететін жайт, ол қазіргі ҚР ҚК дәрігерлердің, фармацевтердің қылмыстық жауаптылығын жеке бөліп, ҚК 12 тарауында қарастырған. Біздің ойымызша эвтаназия жауаптылықты жеңілдететін арнайы бап түрінде бөлініп шығарылғанда ҚК 12 тарауда қарастырылмауы керек. Себебі жанашырлықпен кісі өлтірушіліктің субъектілері дәрігерлермен қатар өзге де, 16 жасқа толған жай адамдар бола алады. Мұның дәлелі ретінде дәрігерлік көмектен алыс, елсіз жерде адамның қатты жарақат алып (мысалы, бір қолынан немесе аяғынан айрылып қан кетіп жатуы, дәрігерлік көмекті көрсетудің мүмкін болмауы) қиналып жатуын және ол адамның бәрібір жақын уақытта қайтыс болатындығы белгілі болуын, соған байланысты қасындағы адамнан тез өлу үшін көмек сұрауын келтіруге болады. Осындай болуы мүмкін жағдайға байланысты жанашырлық ниетпен кісі өлтірушілік ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 1 тарауында жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі ретінде қарастырылуы керек және теріс қылық ретінде бағаланып, баптың санкциясы бас бостандығынан айыру, бостандығын шектеу жазаларынан басқа жеңіл жазалардың түрін келтіруі керек.

Әдебиеттер

- 1 Рязанцев С.В. Тайна смерти. – СПб., 2005. – С. 33.
- 2 Капинус О.С. Эвтаназия как социально-правовое явление: монография. – М.: Издательский дом «Буквовед», 2006. – С. 67.
- 3 Бородин С., Глушков В. Уголовно-правовые проблемы эвтаназии // Сов. Юстиция. – 1992. – № 9. – С. 34.
- 4 Бородин С. В. Преступления против жизни. – М., 1999. – С. 86-87.
- 5 Дмитриев Ю.А., Шленева Е.В. Право человека в Российской Федерации на осуществление эвтаназии. // Государство и право. – 2000. – № 11. – С. 52.
- 6 Крылова Н.Е. Уголовное право и биотехника: уголовно-правовые проблемы применения современных биомедицинских технологий: дисс...д-ра юрид. наук. – М., 2006. – С. 187.
- 7 Мустафаев Сеймур Эйнуур-оглы. Эвтаназия: легализация и уголовная ответственность // Актуальные проблемы уголовного права. – М., 2016. – № 3 (64) март. – С. 130-135.
- 8 Үдербаева Б.А. Эвтаназия мәселесінің қылмыстық-құқықтық қырлары // Материалы Международной научно-практической конференции на тему «Национальная система уголовного и уголовно-процессуального права: теория и практика 10-летия». Каз НПУ им. Абая. – Алматы, 2007. – 204-209 бб.

References

- 1 Ryazantsev S.B. Tayna smerty. Spb., 2005. –S.33.
- 2 Capinys O.C. Evtanazyа kak sotsyalno – pravovoe yavlenie. Monografiya. – М.: Izdatelski dom «Bukvoved», 2006. – S. 67.
- 3 Borodin S, Glushkov B. Ugalovno – pravovye problemy evtanazi //Sov. Uystitsya. 1992. – № 9. – С. 34;
- 4 Borodin S.V. Prestyplenya protiv jizny. – М., 1999. – С. 86-87.
- 5 Dmitriev U.A. Shleneva E.B. Pravo cheloveka v Rossiskoy Federathiy na osushestvlenye evtanazi // Gosydarstvo i pravo. 2000. – № 11. – S.52.
- 6 Krylova N.E. Ugalovnoe pravo i biotehnika: ugalovno – pravovye problem primeneniya sovremennyh biomeditsinskih tehnologi. Diss ... d-ra urid.nauk. – М., 2006. – S. 187.
- 7 Mustafaev Seimur Einur – oglu. Evtanazyа: legalizatsya I ugalovnaya otvetstvennost . // Aktyalnye problemy ugalovnogo prava. –М., 2016. № 3 (64) mart. – С. 130-135.
- 8 Uderbaeva B.A. Evtanazyа maselesinin kulmustuk kukuktuk kurlary. \\\ Materialy Mejdynarodnyi naychno – prakticheskoi konferenhtiy na temu «Nathionalnaya systema ugalovnogo I ugalovno – prothessyalnogo prava: teoriya i praktika 10 – letiya». Ka-zNPU im. Abaya. – Almaty, 2007. – 204-209 bb.

Делать то, что нам нравится, – это естественная свобода, без вреда другим – это гражданская свобода.

Латинское изречение